

№1 педагогикалық кеңес хаттамасы

Өткізілген уақыты: 29.08.2023

Тақырыбы: «Жаңа бағдарламаға сай мектепке дейінгі ұйымдарда тәрбиелеу мен білім беру процесін ұйымдастыру»

Мақсаты: Жаңа оқу жылының мазмұнымен таныстыру

Төрайымы: Убайдуллаева Ж.М

Хатшысы: Әріпбай Б.Ө

Қатысқандар саны–6

Әдіскер :- Әріпбай Б.Ө

КҮН ТӘРТІБІ:

1. 2023-2024 оқу жылында тәрбиелеу мен білім беру процесін ұйымдастыруға арналған әдістемелік нұсқау хатпен таныстыру.
2. Іс-әрекеттердің дағды бойынша кіріктірілуін талдау
3. Кадрларды топтар бойынша бөлу
4. Баяндама «Жаңа бағдарлама –білім берудің жаңа мазмұны » -Тәрбиеші Абиева. А
5. .Түрлі сұрақтар

ТЫҢДАЛДЫ:

Балабақша басшысы Убайдуллаева Жамила педагогтерді жаңа оқу жылының басталуымен құттықтай отырып, күн тәртібінде қаралатын мәселелермен таныстырды. Педагогикалық кеңестің құрамына білім беру ұйымының басшысы (төраға), әдіскер, педагогтар, тәрбиешілер, психолог кіретіндігін айтты. Сонымен қатар, педагогикалық кеңестің өз құрамынан 1 жылдық мерзімге хатшы сайлау керектігін айта отырып 2022-2023оқу жылында педагогикалық кеңестің хатшысы болып Абиева Айгул сайланғандығын естеріне түсіріп өтті.

СӨЗ СӨЙЛЕГЕН: әдіскер Әріпбай Бағлан Өскембайқызы

Әдіскер Әріпбай Бағлан Өскембайқызы 2022-2023 оқу жылында педагогикалық кеңестің хатшысы болып осы аталған адамдар кеңес хаттамасын сауатты жүргізіп, баяндама, хабарламашылардың материалдарын өз уақытында жинақтап отырғандығын айта отырып қайта сайлауды ұсынды. Педагогикалық кеңес құрамы бір ауыздан хатшы ретінде тәрбиеші Узакова Ж.С сайлауды ұйғарды.

1. **1 ТЫҢДАЛДЫ:**Күн тәртібінде қаралатын бірінші мәселе бойынша балабақша әдіскері Әріпбай Бағлан Өскембайқызы 2023-2024 оқу жылына арналған әдістемеліктің осы жылғы өзгерістеріне тоқталудан бастады. Нұсқау хатта білім беру жүйесіне 7 бағыттар берілгендігін оны жүзеге асыру шараларын атай кетті. Онымен қатар басты назарда тәрбиелеу мен білім беру ,оқытуды дамыту модельін іске асыру аясында жұмыс жасайтығымызды айтып өтті. Бұл **модель бойынша** бірнеше бағыттарды атап өтті.

- 1, Педагогтердің біліктілігі мен кәсіби шеберлігін арттыру
2. Педагогикалық- ұйымдастырушылық-жұмыс
3. Тәрбиеленушілердің отбасыларымен өзара қарым-қатынас.
4. Орта білім беру ұйымдарымен өзара іс-әрекет.
5. Мектепке дейінгі ұйымдарда жазғы сауықтыру кезеңін ұйымдастыру бойынша жұмыс
6. Бақылау: бақылау түрлері мен мазмұны.

7.Әкімшілік-шаруашылық жұмыс.

Білім беру дағдыларын кіріктіру, ойын арқылы оқыту, қабылдауы төмен балалармен жеке жұмыстарын жасау және т.б қағидаттарды айтты. Әдіскер жылдық жоспардың бөлімімен, жасалу принципімен, балабақшаның жұмыс бағыты, мақсат, міндетімен таныстырып өтті. 2023-2024 оқу жылына «Денсаулық сақтау технологиясын қолдану арқылы балалардың салауатты өмір салтын қалыптастыру» (ата-анамен жұмыс); «Сахналау арқылы мектепке дейінгі балалардың сөйлеу қабілеттерін жетілдіру»; «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту» ҚР МЖМБС зерделеу және жан-жақты талқылау арқылы педагогтардың білімділігін арттыру» міндеті алынды. Жылдық жоспарда осы міндеттерді шешу мақсатында жұмыстар жоспарланған.

Сонымен қатар ұлттық құндылықтар мен отбасылық құндылықтарға басты назар аудару қажеттілігін, Ойын түрінде жүргізілетін оқу іс-әрекеттерін жүргізілетінін, Мемлекеттік тілді меңгерту және күніне кітап оқу негізделгенін атап өтті.

Сонымен қатар Музыка кіші , орта, және ересек топтарды аптасына 1 рет ұйымдастырылғанын , іс-әрекеттің күтілетін нәтижесі қарастырылатынын атап өтті. Жаратылыстану қоршаған орта іс-әрекетімен кіріктірілгенін айтты.

Тәрбиешілер өз білімдерін көтеру бойынша жұмыс бағыттарын әр тәрбиешінің келесі мәселесіне жеке-жеке тоқталып өтті. Балабақша педагогтерге өздерінің алған мәселелері бойынша жоспарлары талқыланды. Сондай-ақ **Әріпбай Бағлан** жылдық жоспарда семинар жоспарланғандығын айтты және кеңес беру жоспарланған. Оқу жылына 5 педагогикалық кеңес, Зәдістемелік кеңес, 3 балалардың негізгі құзіреттілігінің қалыптасуын анықтау индикаторы жоспарланды. Балабақшаның оқу-тәрбие жұмысын басқару және бақылау бойынша оперативті, салыстырмалы, тақырыптық бақылаулар әр айға жоспарланды. Оқу жылы барысында тақырыптық іс-әрекеттер мен ертеңгіліктер және басқа да іс-шаралар жоспарланды. Ата-аналармен жұмыс бөлімінде 3 жалпы, 3 топтық ата-аналар жиналысы, кеңестер мен басқа да іс шаралар, ашық есік күндері жоспарланды. 2023-2024 оқу жылының жылдық жоспарын балабақшаның меңгерушісі, әдіскері, медбикесі және музыка жетекшісі бірігіп отырып құрды. Сондықтан осы айтылғандарды құптаймыз, жылдық жоспарға алып қосарымыз жоқ десеңіздер бекітейік деді.

1. СӨЗ СӨЙЛЕГЕН:

Әдіскер Әріпбай Бағлан Өскембайқызы жылдық жоспарда барлық педагогтің жоспарды жүзеге асыру рөлі, ұйымның мақсат-міндеттері, іс-әрекет және қызмет түрлерін іске асыру қызметі және іс-шараларды өткізетін жауапты адамдар нақты көрсетілген.

2. СӨЗ СӨЙЛЕГЕН:

Әріпбай Бағлан Өскембайқызы онда жылдық жоспарды бекіту үшін дауысқа салайық деп ұсыныс жасады. 2023-2024 оқу жылының жылдық жоспарының бекітілуін бірауыздан қолдады.

2Тыңдалды :

Әдіскер Әріпбай Бағлан Өскембайқызы

2023-2024 оқу жылына құралған ұйымдастырылған іс-әрекеттің перспективтік жоспары Қазақстан Республикасы Оқу –ағарту министрінің 2022 жылғы 14 Қазан күні бекітілген №422 бұйрығына қосымшасында көрсетілген сағат саны мен Перспективалық жоспар құру туралы айтып өтті.

Сонымен қатар 5 сала орнына 5 дағды бойынша жұмыс жүргізілетінін айтты.

3. Тыңдалды Балабақша басшысы Әріпбай Бағлан Өскембайқызы педагогтардың біліктілігіне санатына байланысты кадр мүшелерін топтарға бөлді. Және әр тәрбиеші өз ісіне мұқият әрі талапқа сай қарауын, балаларды жаңа бағдарлама, жаңа технологияны пайдалана отырып ойлау қабілеттерімен сөйлеу мәнерінің дамуына үлестерін аямай қосуды айтып кетті.

4 Тыңдалды : Абиева Айгул кадр мүшелеріне «Жаңа бағдарлама-білім берудің жаңа мазмұны» атты баяндамасымен таныстырды. Баяндама талқыланды, балаға көп көңіл бөлу керектігі жайлы айтылды. Бағдарлама аясында педагог үшін мыналар маңызды болмақ:Педагог шебер сұрақ қоюшы болуы қажет, себебі? Ықтимал себептері Оқудағы олқылықтарды анықтау үшін;Балалардың ойларын бағыттау үшін; Бағалау үшін;Келесі сұрақтарға түрткі болу үшін;Тақырыпты қайта қарау үшін;Қызығушылықты немесе білуге құмарлықты ояту үшін;Күрделендіру үшін;Сұрақ-жауап пен сын тұрғысынан ойлауды модельдеу үшін;Түсінуге көмектесу үшін;Бағамдау үшін. Білім берудің жаңарту жолдарыБіліктілікті арттыру бағдарламасының негізгі мазмұнындағы модульдер:1. Білім беру мен білім алудағы жаңа

тәсілдер.2. Сыни тұрғыдан ойлауға үйрету.3. Білім беру үшін бағалау және оқуды бағалау.4. Білім беруде ақпараттық – коммуникациялық технологияларды пайдалану.5. Талантты және дарынды балаларды оқыту.6. балалардың жас ерекшеліктеріне сәйкес білім беру және оқыту қажеттігін атап өтті, және слайд түрінде түсіндіріліп анық тақырып қозғалды.

1.СӨЗ СӨЙЛЕГЕН: Убайдуллаева Ж.М

Аттестаттау комиссиясының төрайымы ретінде Убайдуллаева Жамила Медетхановна , мүшелері ретінде әдіскер Әріпбай Бағлан Өскембайқызы мед.бике Пернебек Гүлсін сайлауды ұсынамын деп сөзін аяқтады .Барлық педагогтар бір ауыздан құптады.

ШЕШІМ:

-2023-2024 оқу жылының жылдық міндеттемесімен, жылдық жоспары бекітілсін.

-Жылдық жоспар негізінде ай сайын айлық жоспар жасалынып, жоспарланған іс-шаралар уақытылы өткізілсін. Жауапты Әріпбай Бағлан Өскембайқызы, Орындалу мерзімі оқу жылы барысында.

-Жас топтарына сәйкес құрылған оқу жоспары, күн тәртібі, іс-әрекеттің жүктемелік кестесі және перспективтік жоспары бекітілсін. Ұйымдастырылған оқу іс-әрекеті бекітілген оқу жоспары мен жүктемеге, перспективтік жоспарға сәйкес жүргізілсін. Жауапты топ тәрбиешілері. Орындалу мерзімі оқу жылы барысында.

Жауапты Әріпбай Бағлан Өскембайқызы

Педагогикалық кеңес төрайымы

Хатшы



Убайдуллаева Ж.М0

Әріпбай Б.Ө

№2 педагогикалық кеңес хаттамасы

Өткізілген уақыты: 23.10.2023

Тақырыбы: «Ел ертеңі –бүгінгі болашақ ұрпақ».

Мақсаты: Балабақшадағы балалардың өмірлік дағдыларды игеру деңгейін көтеру

Төрайымы: Убайдуллаева Ж.М

Хатшысы: Әріпбай Б.Ө

Қатысқандар саны– 6

Басшы: Убайдуллаева Ж.М

Әдіскер: Әріпбай Б.Ө

КҮН ТӘРТІБІ:

1. Балабақшадағы балалардың өмірлік дағдыларды игеру деңгейін көтеру
2. Кеңес «Балабақшада баланың дені сау болу үшін не көмектеседі?» Медбике –Пернебек Гүлсін
3. Денсаулық сақтау технологиясының тиімді әдіс тәсілдерінің оқу іс-әрекеттеріне енгізу.

Балабақшамыздың Басшысы Убайдуллаева Ж.М педагогикалық кеңесті ашып берді. Балабақшаны одан әрі көркейтіп, дамытып, ұжым мүшелеріне ұйымшылдықпен бірге жұмыс жасауға шақырды. Одан әрі қарай балабақша әдіскеріне сөз кезегі берілді.

1.Тыңдалды: Әдіскер Әріпбай Бағлан

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы (бұдан әрі - Бағдарлама) «Білім туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 4-бабының 6-тармағына және 14-бабының 1-тармағына, Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығымен бекітілген Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандартының (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 29031 болып тіркелген) (бұдан әрі - Стандарт) талаптарына сәйкес әзірленгені туралы, сонымен қатар

Бағдарламаның мақсаты әр баланың қызығушылықтарын, ерекшеліктері мен қажеттіліктерін ескере отырып, жалпы адами және ұлттық құндылықтар негізінде оларды толыққанды дамыту мен әлеуетін ашу болып табылатындығын айтап айтты.

Балалардың өмірлік дағдыларын қалыптастыру үшін ,жайлы және қауіпсіз білім беру жағдайларын жасау, баланың даралығы мен субъективтілігін қолдауға бағытталған дамытушы заттықкеңістіктік ортаны, оның ішінде арнайы ортаны құру, олардың жас ерекшеліктеріне сәйкес біліктері мен дағдыларын қалыптастыру, мектепке дейінгі білім берудің сабақтастығы мен үздіксіздігі ұстанымдарын қамтамасыз ету, балалардың физикалық дамуы, коммуникативтік, танымдық, зияткерлік, шығармашылық дағдыларын, зерттеушілік қабілеттерін дамыту, әлеуметтік эмоционалдық дағдыларын қалыптастыру, баланың зияткерлік, әлеуметтік дағдыларын және тұлғасын дамыту үшін инновациялық әдістер мен технологияларды қолдану, оқыту, дамыту және тәрбиелеу міндеттерінің бірлігін қамтамасыз ету, балаларды қазақ халқының ұлттық құндылықтарына, отбасылық құндылықтарға, отаншылдыққа, Отанға деген сүйіспеншілікке, мәдени-әлеуметтік нормаларға баулу, балаларды дамыту мен тәрбиелеу үшін отбасы мен мектепке дейінгі ұйымның күш-жігерін біріктіру, баланың мектепте оқуға физикалық, психологиялық, эмоционалдық, әлеуметтік дайындығы үшін тең бастапқы мүмкіндіктерді беру қажет екендігін айтты. Және бұл міндеттерді орындай баланың өмірлік дағдысын қалыптастыруға үлкен әсер беретіндігін айтты.

2.Тыңдалды :Балабақша әдіскері Әріпбай Бағлан сөз алып, Балабақшада балалардың дені сау болып өсуі үшін ең басты қағидаларды атап өтті. Балалар мекемелерінде дене тәрбиесінің мазмұны жүргізілуіне , дене жаттығулары, табиғаттың сауықтырушы күші, гигиеналық және әлеуметтік – тұрмыстық факторлар қолданылуы туралы, дене жаттығуы- дене тәрбиесінің негізгі және ерекше құралы, ол педагогтың арнайы іріктеп алған, әдістемелік дұрыс ұйымдастырылған және басқаруға болатын қозғалыс пен қозғалыс қызметінің күрделі түрлерін қамтитынын айтып кетті.. Дене жаттығуы баланың жан- жақты жетілуіне ықпал ететіндігін,Дене тәрбиесінің негізгі мазмұны денені жаттықтыру болып табылатындығын атап, . мынадай түрлерге бөлінуін көрсеті.

- Таңертеңгілік жаттығу
- Қимыл- қозғалыс ойындары, спорт ойындары.
- Спорттық жаттығулар.

Балабақшадағы дене тәрбиесін ұйымдастырудың түрлері: күн тәртібі бойынша сауықтыру шаралары (таңертеңгілік жаттығу, қимыл- қозғалыс ойындары, серуен кезіндегі жаттығулар мен спорттық ойындар, сергіту сәттері , ауладан тыс жерге саяхат жасау, спорттық ойын сауықтар).

Дене шынықтыру балалардың денсаулығын сақтап, нығайтатындығын және дене мүсінінің сұлулығын қалыптастырып, қимыл- қозғалыс қабілетінің белсенділігін арттыруына ықпал ететіндігін айта өтті..Дені сау, рухы таза ұрпақ өсіру ең маңызды мәселе дей отырып, біздің балабақшадағы басты міндетіміз: баланың денсаулығын нығайту, шынықтыру, түрлі аурулардың алдын-алу сақтану жұмыстарын дәстүрден тыс әдістерді қолдану арқылы жүргізілед деп сөзін аяқтады.

1Сөз сөйлеген : Тәрбиеші Құдайбергенова Динара Балабақшадағы балалардың дені сау болып өсу үшін осы кеңестерді ескере отырып жұмыс жасайтындығын айтып өтті.

3. Тыңдалды: Әдіскер Әріпбай Бағлан Өскембайқызы Балабақшаға таңертеңгі келген уақыттан бастап Күн тәртібі бойынша сауықтыру шараларын (Таңғы жаттығу, қимылдық ойындар, сергіту сәттері, серуен кезіндегі спорттық ойындар мен жаттығулар, спорттық мерекелер, ойын – сауықтар) өткізетіндігіміз туралы айтып,Дене шынықтыру оқу іс-әрекетін балаларды қимылға үйретудің негізгі қалыбы болып табылатындығын айтты . Ол әрбір жас топтарында аптасына 3 рет өткізіледі. Дені сау, рухы таза ұрпақ өсіру ең маңызды мәселе дей отырып, біздің балабақшадағы басты міндетіміз: баланың денсаулығын нығайту, шынықтыру, түрлі аурулардың алдын-алу сақтану жұмыстарын дәстүрден тыс әдістерді қолдану арқылы жүргізіледі.Денсаулықты нығайту мақсатында түрлі спорттық сауықтыру жұмыстарын ұйымдастырады. Оған Шынықтыру жұмыстары күн, су, ауа, су құю, сүртінуге Дене шынықтыру оқу іс- әрекеті таза ауадағы қимылдық ойындар. Денсаулықты жақсарту мәселелерін шешу әдістері.

Дәрумендер терапиясы

Психо жаттығулар

Жалпақ табан, омыртқаның қисаюының алдын- алу.

Дем алу, сергіту жаттығулары.

Осы кесте бойынша барлық топтарда жұмыстар жүргізілетіндігін айтып өтті

Тыңдалды: Менгеруші Убайдуллаева Ж.М сөз алып, тексеріс өтілген оқу іс-әрекеттерінің жақсы өтілгендігін , Коомуникативті дағыларды дамыту әрекеттері балалардың сөйлеу мәнерінің дамуына , ой-өрісінің дамуына үлкен септігін тигізетіндігін айтып өтті. Алдағы уақытта осындай іс-әрекеттерде сабақтарда жас мамандардың мұқият қатысып, ой түртіп алуын ескерте кетті. Сонымен қатар дағдыларды дамыту іс-әрекеттерінде көрнекіліктердің өте керемет екендігін , балалардың назарын тәрбиеші бірден өзіне қарату жағдайының бар екендігін айта өтті, бұл дегеніміз балардың қызыға қарайтындығын көп нәрсені ойына түйетіндігін айта өтті.

1Сөз сөйлегендер: Әдіскер Әріпбай Бағлан Өскембайқызы

іс-әрекеттердің жақсы дәрежеде өткендігін айта келе тақырып, көрнекіліктер жас ерекшелігіне сай екендігін айтты. Балалардың әр оқу іс-әрекеттерінде белсене қатысатындығының көрініп тұрғандығын айта кетті.

Шешім: ШЕШІМ:

1. Әр топта балалардың іс-әрекет дағдыларын қабылдау деңгейін жоғарлату мақсатында кітап оқу, Ұлттық орталықтар, отбасылық құндылықтар орталығы жасалынсын.
2. Еңбасты мәселе бала денсаулығының жақсы қалыптасуы мәселесі екендігін ескере отырып, айтылып өтілген кенестерді әрбір оқу іс-әрекетінде қолданылуы талап етілсін.
3. Денсаулықты нығайту мақсатында түрлі спорттық сауықтыру жұмыстарын ұйымдастыру қолға алынсын.
4. Жас мамандардың оқу іс-әрекеттеріне бақылау жасалып, бала дағдыларының дамуы қадағалалансын.

Педагогикалық кеңес төрайымы

Хатшы



Убайдуллаева Ж.М

Әріпбай Б

**ЖШС «Ырыс-7» балабақшасы
№3 педагогикалық кеңес хаттамасы**

**Өткізілген уақыты:
25.01.2024**

Тақырыбы: «Жарты жылдық жұмыстың қорытындысы».

Төрайымы: Убайдуллаева Ж.М

Хатшысы: Әріпбай Б.Ө

Қатысқандар саны:6

Әдіскер: Әріпбай Б.Ө

КҮН ТӘРТІБІ:

1. I жарты жылдықтың аралық мониторинг қорытындысы
№2 педагогикалық кеңестің қорытындысы.
2. Баяндама «Қиын отбасындағы бала психологиясы»
3. Педагогтармен тәрбиешілердің жарты жылдық есебі.
4. Тәрбиешілердің шығармашылық тақырып бойынша өткізілген іс-шаралары.

1 ТЫҢДАЛДЫ:

Балабақшамыздың әдіскері Әріпбай Бағлан Өскембайқызы өткен педагогикалық кеңестің шешімінің қаншалықты орындалғанына есеп берді.. Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңының 8-тарау, 59- бабының 4- тармағына сәйкес өзіндік аттестаттаудан өтетін педагогтардың тізімі бекітілді.

Еңбасты мәселе бала денсаулығының жақсы қалыптасуы мәселесі екендігін ескере отырып, айтылып өтілген кеңестерді әрбір оқу қызметінде қолданылуы қадағаланып жатқандығын айтты.

Денсаулықты нығайту мақсатында түрлі спорттық сауықтыру жұмыстарын ұйымдастырудың кестесін көрсетті. балабақшада өтетін ертеңгіліктер мен ашық ұйымдастырылған оқу қызметінің кестелерінің бекітілгенін толық баяндады. Одан әрі қарай бүгінгі қарастырылатын мәселелерге көңіл бөлді. Балабақша тәрбиешілері бес білім беру дағдысы бойынша балалардың даму мониторингісінің қорытындысын баяндап есептерін тапсырды. Бес білім беру дағдысы бойынша балалардың даму мониторингі жақсы деп бағаланды.

2 ТЫҢДАЛДЫ: Балабақша әдіскері Әріпбай Бағлан Өскембайқызы Ұрпақ тәрбиесі қай заманның, қай қоғамның болсын негізгі мәселелері болып келгендігі дәлелдеуді қажет етпейдігін айта келе, тәрбие ана сүтінен басталып, біреудің біреуге ықпалы арқылы өмір бойы қалыптасатын күрделі құбылыс екендігін айтты...

. Пайдасыз әдістердің зиянды салдарын түзеу үшін, жан-жақты ойластырылған, ғылыми негізделген психологиялық – педагогикалық жүйе болуы керек. Бұл жүйенің ерекшелігі – «қиындардың» түзелу мүмкіндігіне ғана емес, сонымен бірге олардың рухани жағынан да бүгіндей қайта өзгеретіндігіне кәміл сену қажеттігінде деп, Қиын отбасыдағы баланың психологиясы жайлы бірнеше дәлелдеулер айтып өтті. Қиын отбасыдағы балалардың психологиясын бақылау мақсатында мыналарды ұсынды.

1. **Бақылау** – баланың іс- қимылын, сөзін әртүрлі іс- шаралардан, оқу қызметіне ынтасын байқау.
2. **Әңгімелесу**- баламен сөйлесу арқылы оның ішкі дүниесіне ену, проблемасын білу, түсіну және оны шешуге бағыт - бағдар сілтеу.

3. **Сауалнама-** арқылы бала туралы ақпарат жинау. Сауалнаманың мазмұнында негізгі проблема ғана болуы тиіс. Ойы, мінезі, әлеуметтік демографиялық жағдайы, белгілі бір бағыт бойынша қызығушылығы.

Сұрақтар мынандай түрде болуы мүмкін:

Сұрақ (дайын жауаптардан керегін бала өзі таңдап алады.)

Өз бетімен жауап беру

Тура жауаптар

Жанама жауаптар

4. **Сұхбаттасу** - алдын ала дайындалған сұрақтарға жауап алу. Сұхбаттасу мынандай түрде болуы мүмкін:

қарапайым жағдайда сөйлесу

баланың үнемі болатын ортасында сұхбаттасу

жауап беру мүмкіндігін ескеру-белгілі бір уақыт ішінде жауап беру керектігін айту үшінші адамның көмегінсіз әңгімелесу;

Мысалы: **«Ата-ана мен баланың қарым-қатынасындағы қаталдық көріністерін зерттеу.»**өажеттігін айтып өтті.

ЗТыңдалды : Балабақша әдіскері Әріпай Бағлан Өскембайқызы балабақшаның жарты жылдық жылдық есебін баяндады. Жарты Жылдық есеп бойынша балабақшада атқарылған жұмыстар, өткізілген ертеңгіліктер, семинарлар, жиналыстар, ата-аналармен жұмыстар, оқу тәрбие жұмыстары толығымен баяндалып, қағаз жүзінде өткізілді. Одан әрі қарай кезегімен әр топ тәрбиешілері өздерінің жарты жылық есептерін тапсырды. Тәрбиешілер жылдық есептерін, іс қағаздарын, ашық ұйымдастырылған оқу қызметтерінің жоспарын, жүргізген жұмыстарын қағаз жүзінде өткізді.

4. Тыңдалды

Күн тәртібіндегі 4 –мәселе бойынша тәрбиеші Әріпбай Бағлан Өскембайқызы баяндамасы тыңдалды. «Жапсыру» және «Мүсіндеу» оқу іс әрекетін пайданылатын құрал-жабдықтар сирвировкасы мен оларды қолдану тәртібі туралы төмендегідей мағлұмат берді. Жапсыру жұмысы балаларды пішіндермен таныстыру арқылы жүргізіледі. 2 –ден – жас аралығында алғашқы жапсыру жұмыстарында балалар пішіндерден зат, құрастыруды үйренеді. Балалар дайын пішіндерді өз орнына орналастыру арқылы үйшік машина, мұнара, аққала, арба, сәнді көйлектің түймелері, ыдыстағы жемістер тақырыбында жапсыру іс-әрекеттерін орындайды. Содан соң балаларға тік төтбұрыштың ұшын қайшымен бір басып қию әдісі арқылы шарлар, шырша шамдары, алмалар, жаңғақтар, құлпынайлар, доптар кидырырылып желіммен қағаз бетін бағдарлап ортасына желімдеп жапсыру әдістері үйретіледі. 3 жастан 4 жас аралығында бала қолына қайшы ұстауды үйрену қажет. Себебі бұл жасқа дейін ол жапсыру жұмыстарын дайын пішіндерді орнына орналастыру арқылы жасаса, ендігі жас кезеңінде ол қағазды қию және желімдеу әдістерімен танысады. Оны тәрбиеші немесе ересек адам үлгі көрсету арқылы үйретеді. Әрі қарай қию тәсілі күрделенеді. Балаға қайшыны бірнеше рет басып тік қию арқылы тік төртбұрыштарды қиып алу үйретіледі. Бұл әдістермен түрлі доптар, шарлар, шырша ойыншықтары қиылады. Содан соң қағазды екі бүктеп қию әдісі үйретіледі. Пішіндер мен өрнектерді орналастыруда пысықталады, қағаздардың түс үйлесімділігіне мұқият зейін аударылады. 5 жастан 6 жасқа дейінгі балаларға сюжетті жапсырмаларды қабаттап бүктеу арқылы қиып алу және жапсыру әдістері үйретіледі.

1.Сөз сөйлеген: Тәрбиеші Абдуали Аяулым мүсіндеу жұмысын үйрету әдістері атап өтті. Ермек саздан мүсін жасау балалардың сүйікті жұмысы, бірақ мүсінді қалай жасау керек әдістерін міндетті түрде ересек адамдар үйретеді. Балаға мүсінді жасату алдында оның жасайтын мүсінге қызығушылығын көтеру қажет, содан соң оны жасау әдістерін үйрету меноны тамашалау, әңгімелеу, сипаттау жұмысы жүргізіледі. Мүсіндеу

әдістері бір қалыптан бастап көрсетіледі: 2 жаста 3 жас аралығында саз балшықты алақан арасында дөңгелету әдісімен доптар, шарлар, нандар, күлшелер жасау үйретіледі. 3 жастан -4 жас аралығында саз балшықтан жасаған дөңгелектерді алақан арасында есу арқылы шұжықтарды, тесік бөлшектерге табақтарды жасау ұсынылады. 4 жас пен 5 жас аралығында ермек саз-пластилин қолданылады. Одан жоғарыда атап көрсетілген әдістерді пысықтау негізінде бөлшектерге бөліп, еселеу әдісімен заттың мүсінін жасау үйретіледі. Сонымен бірге сылау, таңбалау әдісін қолдану үйретіледі деп міндеттеп алды.

ШЕШІМ:

- 1. Ата-ана мен баланың қарым-қатынасындағы қаталдық көріністерін зерттеу тәрбиешіге жүктелсін.**
 - 2. «ҚР МЖМБС-на сай оқу іс-әрекеттерді сапалы ұйымдастыру ісін жандандыруда педагогтар озық тәжірибелерді қолдануды одан әрі арттырсын.**
 - 3. Балаларға сылау, таңбалау әдісін қолдану үйретілуі міндеттелсін**
- Жауапты Әріпбай Бағлан Өскембайқызы

Педагогикалық кеңес төрайымы

Хатшы



Убайдуллаева .Ж.М

Әріпбай Б.Ө

ЖШС «Ырыс-7» балабақшасы
№4 педагогикалық кеңес хаттамасы

Өткізілген уақыты: 14.03.2024ж

Тақырыбы: «Денсаулық сақтау технологияларын енгізу арқылы балалар мен МДҰ педагогтерінің салауатты өмір салтын қалыптастыру».

Мақсаты: Балабақшадағы сауықтыру-шынықтыру жұмысының деңгейін көтеру

Төрайымы: Убайдуллаева Ж.М

Хатшысы: Әріпбай Б.Ө

Қатысқандар саны 6

Әдіскер : Әріпбай Б.Ө

КҮН ТӘРТІБІ:

1. Кеңес «Балабақшада баланың дені сау болу үшін не көмектеседі?»
2. Денсаулық сақтау технологиясының тиімді әдіс тәсілдерінің оқу қызметтеріне енгізу.
3. Денсаулық саласы бойынша ашық оқу қызметтерінің қорытындысы.
4. Психологиялық тренинг «Телефон»

Балабақшамыздың меңгерушісі Убайдуллаева Жамила Медетхановна педагогикалық кеңесті ашып берді. Балабақшаны одан әрі көркейтіп, дамытып, ұжым мүшелеріне ұйымшылдықпен бірге жұмыс жасауға шақырды. Одан әрі қарай балабақша әдіскеріне сөз кезегі берілді.

1.Тыңдалды : Балабақша әдіскері Әріпбай Бағлан Өскембайқызы сөз алып, Балабақшада балалардың дені сау болып өсуі үшін ең басты қағидаларды атап өтті. Балалар мекемелерінде дене тәрбиесінің мазмұны жүргізілуіне, дене жаттығулары, табиғаттың сауықтырушы күші, гигиеналық және әлеуметтік – тұрмыстық факторлар қолданылуы туралы, дене жаттығуы- дене тәрбиесінің негізгі және ерекше құралы, ол педагогтың арнайы іріктеп алған, әдістемелік дұрыс ұйымдастырылған және басқаруға болатын қозғалыс пен қозғалыс қызметінің күрделі түрлерін қамтитынын айтып кетті.. Дене жаттығуы баланың жан- жақты жетілуіне ықпал ететіндігін, Дене тәрбиесінің негізгі мазмұны денені жаттықтыру болып табылатындығын атап, . мынадай түрлерге бөлінуін көрсеті.

- Таңертеңгілік жаттығу
- Қимыл- қозғалыс ойындары, спорт ойындары.
- Спорттық жаттығулар.

Балабақшадағы дене тәрбиесін ұйымдастырудың түрлері: күн әртібі бойынша сауықтыру шаралары (таңертеңгілік жаттығу, қимыл- қозғалыс ойындары, серуен кезіндегі жаттығулар мен спорттық ойындар, сергіту сәттері, ауладан тыс жерге саяхат жасау, спорттық ойын сауықтар).

Дене шынықтыру балалардың денсаулығын сақтап, нығайтатындығын және дене мүсінінің сұлулығын қалыптастырып, қимыл- қозғалыс қабілетінің белсенділігін арттыруына ықпал ететіндігін айта өтті..Дені сау, рухы таза ұрпақ өсіру ең маңызды мәселе дей отырып, біздің балабақшадағы басты міндетіміз: баланың денсаулығын нығайту, шынықтыру, түрлі аурулардың алдын-алу сақтану жұмыстарын дәстүрден тыс әдістерді қолдану арқылы жүргізілед деп сөзін аяқтады.

1Сөз сөйлеген : Тәрбиеші Абиева Айгул Балабақшадағы балалардың дені сау болып өсу үшін осы кеңестерді ескере отырып жұмыс жасайтындығын айтып өтті.

Шынықтыру жұмыстары күн, су, ауа, су құю, сүртіну
Дене шынықтыру оқу іс- әрекеті таза ауадағы қимылдық ойындар.
Денсаулықты жақсарту мәселелерін шешу әдістері.
Дәрумендер теропиясы
Психо жаттығулар
Жалпақ табан, омыртқаның қисаюының алдын- алу.
Дем алу, сергіту жаттығулары.
Осы кесте бойынша барлық топтарда жұмыстар жүргізілетіндігін айтып өтті

1Сөз сөйлегендер: Әдіскер Әріпбай Бағлан ашық көрсетілімнің жақсы дәрежеде өткендігін айта келе тақырып, көрнекіліктер жас ерекшелігіне сай екендігін айтты. Балалардың әр оқу іс-әрекетіне белсене қатысатындығының көрініп тұрғандығын айта кетті.

Шешім:

1. Еңбасты мәселе бала денсаулығының жақсы қалыптасуы мәселесі екендігін ескере отырып, айтылып өтілген кенестерді әрбір оқу іс-әрекетінде қолданылуы талап етілсін.
2. Денсаулықты нығайту мақсатында түрлі спорттық сауықтыру жұмыстарын ұйымдастыру қолға алынсын.
3. Жас мамандардың ашық көрсетілімдерге қатысуы қадағалалансын.

Хатшы



Әріпбай .Б.Ө